



Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі Қазақстан
Республикасы «Қазгидромет»
Республикалық Мемлекеттік
Кәсіпорны»

АЙЛЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ: °
ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ОРТАША АЙЛЫҚ АУА
ТЕМПЕРАТУРАСЫ ЖӘНЕ АЙЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН
МӨЛШЕРІНІҢ АНОМАЛИЯСЫ
2022 НАУРЫЗ АЙЫНА

Нұр-Сұлтан 2022

КІРІСПЕ

Өңірлік климатты зерттеу және оның өзгеруінің тұрақты мониторингі «Қазгидромет» РМК Қазақстанның ұлттық гидрометеорологиялық қызметінің басым міндеттерінің бірі болып табылады. «Қазгидромет» РМК Қазақстан аумағы бойынша ауаның орташа айлық температурасының және атмосфералық жауын-шашынның айлық мөлшерінің ауытқуларын бағалау келтірілген ай сайынғы бюллетеньдерді шығаруды жүзеге асырады.


Бюллетеньді дайындау үшін «Қазгидромет» РМК метеорологиялық мониторинг желісіндегі бақылау деректері: 1941 жылдан бергі кезеңде ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашынның айлық сомасының қатары пайдаланылады.

Жер бетіндегі ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашынның айлық сомаларының аномалиялары нормаға қатысты – ағымдағы климаттың аномалиясы дәрежесін мониторингілеу үшін базалық ретінде Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым ұсынған 1991-2020 жыл кезеңіне есептелген орташа көпжылдық мәндерге қатысты анықталды. Ауа температурасының ауытқулары байқалған мәннің нормадан ауытқуы ретінде есептеледі. Жауын-шашын мөлшерінің ауытқулары норманың пайызында, яғни түскен жауын-шашын мөлшерінің норманың тиісті мәніне пайыздық қатынасы ретінде ұсынылады.


Климаттық экстремумдарды сипаттау үшін карталар келтіріледі, онда әрбір станция үшін 1941 жылдан бастап ағымдағы жылға дейінгі кезеңде қаралатын айнымалы уақыт қатарындағы ағымдағы мәннен аспаудың эмпирикалық ықтималдығының ауқымы көрсетіледі (аспаудың эмпирикалық ықтималдығы – бұл ағымдағы мәннен кіші немесе оған тең уақытша қатар мәндерінің үлесі). Егер айнымалының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы шекті диапазондарға түссе (0-5% немесе 95-100 %), онда бұл мән 1941 жылдан бастап 5% жағдайдан көп емес болған. Егер ауа температурасының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы 0-5% диапазонда болса, бұл осы жерде байқалған өте төмен температураны көрсетеді, егер 95-100% диапазонда болса, онда, керісінше, өте жоғары температура. Егер жауын – шашын мөлшерін қарастыратын болсақ, онда бірінші жағдайда бұл олардың өте аз мөлшерін, екіншісінде-жауын-шашынның тым көп мөлшерін көрсетеді.

ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АУЫТҚУЛАРЫ

Наурызда барлық батыс және солтүстік облыстар, сондай-ақ Қарағанды облысының солтүстік аудандары, Қызылорда облысының батыс және Түркістан облысының батыс оңтүстік аудандары ауа температурасының теріс ауытқулары бар аймақпен қамтылған (1 сурет). Каспий маңы өңірінде теріс ауытқулар, әдетте, 1 °С-дан аспады. Температураның нормадан 2,0...3,6 °С төмен едәуір ауытқулардың ошақтары Батыс Қазақстан облысының солтүстік-батысында болды, бүкіл Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан облыстарын, Қостанай облысының басым бөлігін және Ақмола облысының солтүстік аудандарын қамтыды. Қостанай және Ақмола облыстарының бірнеше метеостанцияларының деректері бойынша олар орналасқан аудандарда наурыз айы үшін тым суық болды (2 сурет). Ауытқулары ± 1 °С температура Қызылорда, Түркістан, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарының көптеген өңірлерінде, Қарағанды облысының кей жерлерінде және Алматы облысының оңтүстігінде байқалды. Оң ауытқулардың мәні Қарағанды облысының орталығынан шығыс өңірлерге қарай ұлғаюда. Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының оңтүстік бөлігінде, сондай-ақ Алматы облыстарының басым бөлігінде температура нормадан 2-3 °С-ға асып түсті, ең елеулі оң аномалия (3,6 °С) Лепси (Алматы облысы) және Тұғыл (Шығыс Қазақстан облысы) МС-да тіркелді.




1-сурет - 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген 2022 жылғы наурыздағы орташа айлық ауа температурасының (°С) ауытқуларының кеңістіктік таралуы




2-сурет-1941-2022 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген 2022 жылғы наурыздағы ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ

Наурыз айында Қазақстан аумағының басым бөлігінде нормадан артық жауын-шашын байқалды (3 сурет). Қазақстанның батыс, орталық, шығыс және оңтүстік өңірлерінде жауын-шашын мөлшері негізінен нормадан 150-250 %, кей жерлерде нормадан 300 % артық болды. Жамбыл облысы едәуір артық ылғалды бастан өткерді, кей жерлерде жауын-шашын нормадан 440 % - дан астам түсті (максимум Шөкпар МС-да нормадан 466 %). Түркістан облысындағы Тасарық МС-да бір айдағы жауын-шашынның ең елеулі қабаты (288 мм, аспау ықтималдығы 100 %) тіркелді, осылайша 1969 жылы белгіленген бұрынғы ең жоғарғы мәні (246 мм) жаңартылды. 55 МС-дың деректері бойынша ылғалдандыру жағдайлары өте ылғалды (4 сурет). 15 МС-да айлық жауын-шашынның жаңа максимумы белгіленді (1 кесте). Жауын-шашын норманың 80-120 % шегінде Қазақстанның солтүстік-батыс және солтүстік аудандарында, сондай-ақ Қызылорда және Түркістан облыстарының кейбір аудандарында түсті. Жауын-шашын тапшылығы аймағы (нормадан 80 % кем жауын-шашынмен) Ақтөбе облысының солтүстік өңірлерінен (минимум нормадан 26 %), Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының көп бөлігін (тиісінше минимум нормадан 39 және 30 %) қамти отырып созылды. Сондай-ақ, Ақмола, Павлодар, Қызылорда және Түркістан облыстарының кей жерлерінде жауын-шашын тапшылығы байқалды, минимум Ақмола облысының Жақсы МС нормадан 41 % - ын құрайды.



3-сурет - 2022 жылғы наурыздағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің кеңістіктік таралуы (1991-2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша)



4-сурет - 2022 жылғы наурызда атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы. Ықтималдықтар 1941-2022 жылдар кезеңіне сәйкес есептелген

1 кесте. 2022 ж наурыз айында түскен жауын-шашын мөлшерінің рекордтық көрсеткіштері

№	Метеостанция	Облыс	Жаңа максимум, мм	Бұрынғы рекорд, мм
1	Аксенгир	Алматы	87,3	77,4 (2010 ж.)
2	Актогай	Шығыс-Қазақстан	36,0	34,0 (1960 ж.)
3	Алматы ОГМС	Алматы	166,3	153,8 (2002 ж.)
4	Арыс	Түркістан	107,5	105,5 (2013 ж.)
5	Аул Турара Рыскулова	Түркістан	263,2	257,0 (1969 ж.)
6	Жалпақтал	Батыс-Қазақстан	58,6	58,2 (1952 ж.)
7	Капшагай	Алматы	90,5	71,4 (2010 ж.)
8	Кулан	Жамбыл	119,8	114,5 (1955 ж.)
9	Кульсары	Атырау	49,4	49,1 (2016 ж.)
10	Кыргызсай	Алматы	111,6	91,0 (2010 ж.)
11	Тасарык	Түркістан	288,3	246,3 (1969 ж.)
12	Шардара	Түркістан	114,4	105,8 (1973 ж.)
13	Шелек	Алматы	72,1	70,6 (2010 ж.)
14	Хантау	Жамбыл	82,3	69,7 (1964 ж.)
15	Шокпар	Жамбыл	137,5	105,6 (1959 ж.)